

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 127 – 131

A.K. Kaliyeva

M.O.Auezov Institute of Literature and arts, Almaty, Kazakhstan
almira_kalieva.8@mail.ru

**SPIRITUAL AND MORAL PARADIGM
IN MODERN KAZAKHSTAN NOVELS**

Abstract. Kazakh literature in the period of Independence manifests itself as a complex, intensively developing process. The issue of correlation between national and universal paradigms is one of the eternal issues in all branches of the humanities, which changes only in form and content. The deep roots of this issue are closely related to the epistemological, ontological nature of art and national culture. This article discusses the research on modern Kazakh novel in the aspect of national and universal issues.

The issue of reproduction of the idea of universal values in literature of the era of independence were studied on the basis of scientific analysis of the novels “The Constellation of the Twins (Secret and Mysterious) by Kh. Adibayev and “The Dreams of the Accursed” by A. Zhaksylykov.

The article includes diverse research on cardinal political role and ideological essence of the era of Independence in historical and cultural life of Kazakhstan. In the course of the research, common features of the concepts "independence", "universal", "national" in the philosophical and aesthetic aspect have been revealed and points of contact between them have been established. On the example of the above-mentioned works, a chain of interconnected common human values is defined in the understanding of modern Kazakhstani citizens: peace and harmony, love and good, etc.

Key words: Kazakhstan, modernity, literature, novel, humanity, spirituality, morality, value, paradigm.

A.K. Қалиева

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазакстан

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РОМАНДАРДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ПАРАДИГМА**

Аннотация. Тәуелсіздік дәүіріндегі қазақ әдебиеті курделі әрі қарқынды дамып келе жатқан үдеріс сипатына ие. Ұлттық және жалпыадамдық парадигма мәселесі гуманитарлық ғылым салаларының барлығында қай кезеңде де зор маңызға ие болып келеді. Аталған мәселенің терең тамырлары көркем өнер мен ұлттық мәдениеттің гносеологиялық, онтологиялық табиғатымен сабактас. Осы мақала қазіргі қазақстанның романдарды ұлттық және жалпыадамдық мәселелер аспектінде зерделеуге арналған.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетте жалпыадамдық идеялардың көрініс табуы мәселелері Х.Әдібаевтың «Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное)» және А.Жақсылықовтың «Сны окаянных» романдарының ғылыми талдау негізінде жүзеге асырылды.

Макалада Тәуелсіздік дәүірінің Қазақстан тарихы мен мәдениетіндегі түбекейлі саяси рөлі мен дүниетанымдық мәнін жан-жақты зерделеуге ұмтылыс жасалды. Зерттеу барысында «тәуелсіздік», «жалпыадамдық», «ұлттық» ұғымдарының ортақ белгілері анықталып, олардың өзара тоғысар түстары зерделенген. Жоғарыда аталған шығармалар мысалында қазіргі қазақстанның тардарын пайымындағы өзара байланысты құндылыктар тізбегі айқындалды: бейбітшілік пен көлісім, махаббат пен мейірімділік және т.б.

Түйін сөздер: Қазақстан, қазіргі заман, әдебиет, роман, ұлт, адамзат, құндылық, парадигма.

Жаһандық саяси жағдай мен жалпы рухани ахуал жер бетіндегі жекелеген ұлттар мен этностардың ішкі тіршілік ағымына, болашақ бағдарына айтарлықтай әсер етті. Осының салдарынан

XXI ғасырдағы адамзат қауымын өз келешегіне деген зор аландаушылық сезімі билейді. Бүгінгі қоғамның көніл-күйі мен рухани ізденістерін арқау еткен қазіргі көркем әдебиет – осының жарқын мысалы.

Қазіргі отандық әдеби үдерісте идеялық ұстаным, формалық ізденіс жағынан ерекшеленетін жаңашыл көркемдік арналар қалыптасып келеді. Белгілі бір әдеби ағымға қатыстырылып тұрғысынан әркіл болғанымен, оларға тән ортақ белгі – бұрынғының кайталамауга, ақықтты тану жолында өз жолын табуға деген рухани ұмтылыс. Әр қаламгер өз көзқарас тұрғысынан, ой мұнарасынан дәуірлік құбылыстарға зер сала отырып, бүгінгі қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасын тануға ден қояды.

Хасен Әдібаевтың «Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное)» (2004) атты роман-сырлласуына алғысөз ретінде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Бейбітшілік пен өзара түсіністік форумында сөйлеген сөзі берілпіт. Осы орайдағы Елбасының: «Любая моносистема, в этом мое глубокое убеждение, не в состоянии обеспечивать баланс, стабильность и развитие не то что всего человечества, но даже его части. Она всегда будет таить в себе угрозу конфликта и взрыва. Верна лишь формула – единство в многообразии, в многонациональности, в многоконфессиональности...» [1, 6], - деген сөздері романның идеялық тұжырымдамасын айқындайды. Автордың өзі «Уроки истории» атты кіріспе бөлімде тарих желісіндегі ұрпақтар тағдырының ғажайып ұқсастығы, оқиғалардың қайталануы мәселеісін шығармаға арқау еткендігін ескертеді.

Тарих, әдебиет пен өнер, философия, мәдениет жайлы толғаныстарда жекелеген ұлттар мен жалпы адамзат тарихындағы шешуші рөлдерге ие болған тұлғалардың тағдыры, ғұмырбаяндық ұқсастықтардың жұмбағы, отбасылық драмалар мен трагедиялар сөз болады. Автордың негізгі идеясы – отбасын, қоғамды, әлемді аман сақтап қалу.

Тұрлі ұлттар мен народдерден жалпы адамзатқа тән ортақ қасиеттерді көруге тырысатын жақушы былай дейді: «Все народы и нации, этнические группы, жизнеустроиваясь по единому социально-психологическому закону, доказывают равнотенность и единство человеческого рода. Различие вытекает из условий среды, цивилизации, религии и т.д.» [1, 11]. Осы орайда адамзаттың әуел баста ізгілік жасау үшін жаралғандығын айта келе, қаламгер «Мейірбандық ниет тозаққа апарады» («Дорога в ад устлана благими намерениями») дейтін інжілден шыққан көне накылдың тылсым сырын ашуға тырысады. XXI ғасырда алпауыт мемлекетті басқарған Джордж Буш пен сонау көне замандарда өмір сурғен Атилланың, кейіпкердің көршісі Азнабай мен ежелгі Мысыр перғауыны Эхнатонның әрекеттеріндегі ұқсастықтардан ғасыр озған сайын адамзаттың өзгермейтіндігі, ал тарихтың үнемі қайталанып отыратындығы мәлім болады.

Тарихтың тұрлі белестеріндегі бетбұрыстық, шешуші тартыстар мен құрестердің баршасы ақиқат жолында болды. Осы ретте Мысыр перғауындары Эхнатон мен Тутанхамонның арасындағы Құдай туралы шындық үшін күресі «мейірбандық ниеттің тозаққа апарағындығын» айғақтай түседі. Әр перғауын өзінің құдіретті Жаратушысына деген алғаусыз сенімнің құрбаны еді. Асылы, адамды адастыратын – ақиқат жолындағы ізденістер. Автор абсолютті ақиқатты танудың қындығын алға тарта отырып, шындықтың сурлеу-соқпағын ізделеп, тұра жолдан тайған пендelerдің қазіргі біздің заманымызда да бар екендігін және бола бермегін айтады.

Иоаннан, Марктен, Лұқадан және Матфейден келген жазбаларды қоз майын тауысып салыстыра зерделейтін кейіпкер-баяндаушы Иса пайғамбар мен Иуданың хикаяларынан да ақиқат үшін құрестің бейкүнә ниеттен туатындығын көреді. Тарихтың алуан асуларында сырт келбетін өзгертіп, қайталана беретін ұлы адасулар Ақиқат жолындағы құрестің дүниенің ақырына дейін жалғасатынын айғақтайды. Жиырма жасар Ахмад есімді лаңқестің өз шындығы үшін жанқиярлық-пен елімге баруы, өзгелердің қанын төгүі – сол адасудың бүгінгі формасы.

Кеңестік өмір шындығының осындағы көп адасулардан туған жалған, уақытша идея екендігін қаламгер келесі жолдармен береді: «Девяносто первый перевернул мир. Могущественные государства рухнули в один миг, и, как дым в трубу, улетучились наши представления, идеалы, которыми жили» [1, 24]. Жетпіс жыл бойы үстемдік құрып, кеңес халқының сана-сезімін жаулаган идеология бір-ак күнде күйреп жоқ болды. Жарқын болашақ – коммунизм таны жайлы тәтті киялдар су сепкендей басылып, соншалық жасампаз көрінген өмірлік мұраттар тұтырынан құлағанда, халықтың есептік қалғаны шындық. Кейіпкер-баяндаушы осы уақығаны тарих сабагы ретінде бағалайды. Өмірдің өткіншілігіне мойынсұнұ қажеттігін түйсінеді. Демек, әр заманның өз

өмірлік мұраты бар; мәнгілік ешнэрсе жок, бәрі құбылмалы, дүниетанымдық парадигмалар өзгермелі.

Расында, адамдардың ойлау табиғатындағы ұқсастық адамзат қауымының рухани-адамгершілік әлемінің ортақ екендігін айқындайды. Бүгінгі таңда жалпыадамзаттық мәнгілік құндылықтар ретінде бағаланатын мейірімділік, адалдық, әділет, махаббат – біртұтас әлемдік моральдан, сайып келгенде, табиғат заңынан туындейді. Сондықтан да олар мінсіз, кемел. Олардың әр этнос дүниетанымындағы ерекшеліктері дәстүр мен тәрбие аясында ғана зерделенбек. Х.Әдібаев әрдайым мәдениеттер мен діндердің әртектілігін сақтау ізгілік атаулының ұлысы деген идеяны еске салып отырады. Бүгінгі отандық ішкі саясаттың осындағы ізгі идеядан тамыр тартатындығын автор мактандышпен тілге тиск етеді.

Осынау өзгермелі, аумалы-төкпелі дүниеде адамзат қауымын келешектен түнілдірмей алға жетелейтін шамшырақтар – Сенім мен Үміт. Жаратушының хактығына, алдағы өмірдің жақсылығына деген сенім ғана қоғамның адами келбетін сақтап қалуға септігін тигізбек. Олай болса, авторлық тұжырымдамадағы мызыымайтын мәнгілік құндылықтардың бастамасы – осылар. Тарихты трагедиялық адасулар тізбегі деп танитын қаламгер ізгіліктің түпкі мәні – жақыныңды сую дейді. Ал Ақиқаттың алдында күйік тіршіліктің ұсақ-түйегі, жалған дүниенің баршасы тізе бүгеді. Себебі ол жеке адамның ғана емес, дүние жаратылысының тылсым сырын арқау етеді. Осылайша, Ақиқат авторлық құндылықтар иерархиясындағы ең жоғарғы категория ретінде пайымдалады.

Роман кейіпкері адамзат өркениетінің заман өткен сайын қадамын түземей, суріне беретін ұрымтадығына қайран қала отырып, осының өзін тарихи даму заңдылығы ретінде бағалайды. Дегенмен қайшылығы мол бүгінгі қоғамда ізгілік атаулы өміршендік танытып келе жатқандығына айрықша риза көнілмен қарайды. Өзінің тойымсыздығы мен аярлығынан жапа шеккен адамзат қауымының үркөрдей бір тобы ғана мейірбандық пейілге ие. Дегенмен сол аз ғана шоғырдың өзі жүректерде үміт отын тұтатып, жақсылыққа сендіре алады. Асылы, ізгіліктің күш-куатын санмен, мөлшермен есептеу мүмкін емес. Мұны жарықтың қараңғылықты женғен жасампаздығымен теңестіруге болар еді. Автор осы орайда Сорос қорын жер бетіндегі ұлттар мен ұлыстарды алаламай, тен қарап, баршасына бірдей шуағын шашқан меценаттық қамқорлықтың жарқын ұлтсі ретінде жоғары бағалайды.

«Апокалипсис» тарауында казіргі Адамзат қоғамындағы қауіп-қатерлер тізбектеледі. Автор бүгінгі Шығыс пен Батыс өркениеттерінің қактығысынан, Ислам мен Христиан діндерінің қайшылығынан туындастырын қатердің жойқын күшінен қорқынышын жасырмайды. Ол жемқорлық, мафия, нашақорлық пен маскүнендік, жезекшелік пен ғасыр дертерін (СПИД) алып келген зұлымдықтың қоғамды елі қандай былыққа батыратыны жайында толғанады. Осы орайда Арап, Чернобыль табиғи апаттарын алапат зауал нышаны ретінде бағалайды. Қаламгер жаңа соғыста женімпаз болмайтындығын зор аландаушылықпен ескертеді.

Жекелеген тұлғалардың пікір қайшылығынан туындастырын соғыс трагедиясы тақырыбы Аслан Жасқылықовтың «Сны окаянных» (1997-2006) атты трилогиясында да көнінен талқыланады. XX ғасырда адамзат қауымы тіршіліктің тамырына балта шабабтың жойқын күшке ие ядролық қаруды өз қолымен жасап шығарды. Қорғаныс желеуімен жасалған бұл каруулардың Қазақстан жеріндегі сынақ полигондары уақыт ете келе ұлттың және жалпыадамзаттың болашағына қауіп төндіре баставды. Мыңдаған адам ядролық сынақтың құрбанына айналды. «Сны окаянных» трилогиясының негізгі оқиғалық желісі атомдық сынақтан жапа шеккен бейкүнә адамдардың қасіретті тағдырын арқау еткен.

Шығарманың жалпы көркемдік-мазмұндық сипаты жөнінде әдебиеттанушы ғалым А.Темірболат: «Романды өткен тарих пен бүгінгі заман, бабалар мен ұрпақтар, ойлар мен сездер арасындағы өзіндік сұхбат ретінде қарастыруға болады. Автор көне философтар мен оқымыстылардың еңбектері мен әдебиет классиктерінің туындыларына иек арта отырып, бір жағынан, қоғамдық дамудың ерекшеліктерін зерделеуге тырысады, екіншіден, идеяның шынайы өмірде жүзеге асуын, рухани және материалды дүниелердің аракатынасын түсінуге талпынады» [2, 274], - дейді. Романың әр циклы өз алдына аяқталған оқиғаны арқау еткенімен, олардың арасында сюжеттік, идеялық айқын байланыс бар. Кең құлашты эпикалық туындыда күн өткен сайын адамзат үшін маңызы артып бара жатқан соғыс тақырыбы автордың философиялық зерттеу нысанына алынады.

Романның «Поющие камни» атты алғашқы бөлімінің бас кейіпкері Жан – өмірде жолы болмаған жігіт. Жанның сүйген жары Айнұр үшін өмірдің мәні – бағалы әшекейлер мен қымбат жиһаз, жақсы ауданнан ойып алған саяжай. Сүйіктісінің қалауымен келіспеген әрі ондай баракатты тіршілікке қол жеткізе алмаған Жан өмірден баз кешеді. Жан өмірдің түрлі соққысы мен тепкісін көрген: Айнұрдың сатқындығы, туыстарымен арадағы кикілжіндер, ата-анасының қайғылы өлімі, баянсыз диссертациясы, жарық көрмеген кітаптары, әріптестерінің жаласы мен екіжүзділігі оған еңсесін жазып жүрге мұрша бермейді. Осылайша, бір кездегі «аяқты энциклопедия» атанған білімдар зиялды азamat айналасымен қайшылықтың шиеленісе түсінен біртіндеп тіршіліктің түпсіз шынырауына құлайды. Қогамның ең тәменгі сатысынан бірақ табылған философ өмірдің тағы бір заңдылығын ашады: «У dna свои законы.... как бы ты низко ни пал, со временем обнаруживается, что можно кувыркнуться еще ниже» [3, 82] дейді Жан. Аурухана төсегінде есі кіресілі-шығасылы болып жатқан Жанның көз алдынан балалық шағы, Айнұрмен өмірі, жүгері алқабындағы сергелден жүрістері, шамандық туралы дәрістері, жер шұқып тас теріп жүрген мезеттері кезегімен жылжып етіп жатады.

Сандырақ пен шындықты, өні мен түсін ажырата алмай жатқан Жан өткен өмірі туралы толғанады. «Ярос хильм болезненным мальчиком. Мы росли и болели, болели и росли, и никто из нас не догадывался, что за западными холмами зарылся в землю айдахар по имени Полигон, - деп басталатын ұзын-сонар монолог жалғыз бір адамның емес, атомдық сынақ аймағында өмір сүрген казак ауылдарының трагедиясын көз алдына алып келеді. Түптеп келгенде, ол күллі адамзаттың ғасырлық дерті, бітпес жарасы еді. – Глухие подземные удары, трещины на стенах, периодический звон посуды в шкафу, свечение облаков были для нас такими же привычными явлениями, как очередные повальные эпидемии в округе, постоянное головокружение и слабость, кровотечение из носу, волдыри и лишай, покрывающие тело с ног до головы. Мы не знали, что красивые радужные облака, плывущие в вышине в сторону недалекого Китая, ... заряжены энергетическими спорами грозных болезней. ...К похоронам пришлось привыкнуть... Стариков в нашем селе можно было по пальцам перечесть, зато быстро росло кладбище...» [3, 40-41]. Атомдық сынақ даласында елеусіз қалған ауылдардың сұркай тіршілігі осылай суреттеледі. Құдайдың өзі ұмыт қалдыргандай бул қасіретті жерлерде дала өзінің жанынан, тіршілік өзегінен айрылған. Сондыктан да ол үнсіз, жым-жырт, өлі дала.

Қаламгер жазықсыз адамдардың өмірін сынақ нысанына айналдырған саяси биліктің түпкі пиғылын түсінуге тырысады, соғыс экзистенциясы жайлы терең пайымдарға беріледі. Ядролық сынақтың құрбандары – қогамнан аласталған Елік қызы – әпке, Бөрі бала, Қабанбай (қабан бала), Қоян бала, Үкі бала, Тайбала, Үйрек баланың жетім тағдырлары реализм мен мистицизм аралығында мифтік сипатта әсерлі баяндалады. Ядролық сынақ салдарынан генетикалық құбызың кейіпке ие болған мүтедес балалардың ешкімге қажетсіз өмірлері жан түршігерлік. Оқшау тіршілік кешкен бул бейбактар ана мен әке маҳаббатына зәру болғанымен, бір-біріне жанашыр, камқор бола біледі. Ең бастысы, олар қоғам қатігедігінен қанша зардал шексе де, адамгершілік бійк қасиеттерін жоғалтпаған. Жетім балаларға пана болған қария (Кеке) өмірден озған соң да қауымдастып тіршілік етуге бейімделген балалар тұрмыстың түрлі тауқыметтеріне төтеп береді, олардың өмірге риясyz құштарлығы, бір-біріне адалдығы мен бауырмалдығы қайран қалдырады.

Романдағы негізгі идея – адамзат өркениеті өз даму барысында зор рухани дағдарысқа ұшырады. Рухани-адамгершілік құндылықтарынан жүрдай болған қогамның жүрек соғысының тіршілік қалыбы өзін-өзі жаппай қыруға ұмтылысынан – жойқын ядролық қарулармен жарактандыруынан анғарылады. Мұнда да «алдағы соғыста женімпаз болмайды» деген үрейлі түйткіл бой көтереді.

Х.Әдібаевтың «Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное)» және А.Жақсылықовтың «Сны окаянных» романдарының басты ұқсастығы өмірдің болмысы мен мәні жайлы ақықатты тың тұрғыдан қарастыруында. Роман кейіпкерлері жеке ұлт өкілі, дербес тұлға, адам ретінде өзін-өзі тануға талпынады. Бүгінгі кейіпкер өз жан әлеміне үніледі; өмірлік ортасы мен заманына катыстылықты зерледейді, тіпті генеалогиялық тұп-тамырларын іздей табу үшін ұлтының өткен тарихына үніледі; діни нағым-сенімін талдап-таразылауға тырысады; айналып келгенде, мәдени жаһандану деуірін бастан кешіп жатқан XXI ғасырдың адамы «Мен кіммін?» деген саяулға түрлі аксиологиялық, гносеологиялық мәселелер аясында жауап іздейді.

ЭДЕБИЕТ

- [1] Адибаев Х. Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное). Роман-откровение. – Алматы: 2004. – 184 с.
- [2] Темирболат А. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с.
- [3] Жаксылыков А. Сны окаянных. Трилогия. – Алматы: Алматинский издательский дом, 2006. – 526 с.

REFERENCES

- [1] Adibaev H. Sovezdie bliznecov (sokrovennoe i tainstvennoe). Roman-otkroenie. – Almaty: 2004. – 184 s. (in Russ.).
- [2] Temirbolat A. Kategorii hronotopa i temporal'nogo ritma v literature. Monografija. – Almaty: Cennye bumagi, 2009. – 504 s. (in Russ.).
- [3] Zhaksylykov A. Sny okajannyh. Trilogija. – Almaty: Almatinskij izdatel'skij dom, 2006. – 526 s. (in Russ.).

A.K.Калиева

Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

**ПАРАДИГМА НАЦИОНАЛЬНОГО И ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКИХ РОМАНАХ**

Аннотация. Казахская литература в период Независимости проявляет себя как сложный, интенсивно развивающийся процесс. Проблема соотношений парадигм национального и общечеловеческого является одной из вечных проблем во всех отраслях гуманитарных наук, которая меняется лишь в плане формы и содержания. Глубокие корни данного вопроса тесно связаны с гносеологической, онтологической природой художественного искусства и национальной культуры. Данная статья посвящена изучению современного казахстанского романа в аспекте проблем национального и общечеловеческого.

Проблемы воспроизведения идеи об общечеловеческих ценностях в литературе эпохи независимости изучены на основе научного анализа романов «Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное)» Х.Адибаева и «Сны окаянных» А.Жаксылыкова.

В статье предпринята попытка разносторонне исследовать кардинальную политическую роль и мировоззренческую сущность эпохи Независимости в исторической и культурной жизни Казахстана. В ходе исследования выявлены общие черты понятий «независимость», «общечеловеческое», «национальное» в философско-эстетическом аспекте и установлены точки соприкосновения между ними. На примере вышеназванных произведений определена цепь взаимосвязанных общечеловеческих ценностей в понимании современных казахстанцев: мир и согласие, любовь и добро и т.д.

Ключевые слова: Казахстан, современность, литература, роман, нация, человечество, ценность, парадигма.